**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Тәжікстан Республикасына 2000 жылғы 13 маусымдағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 28 тамыз N 1315

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Тәжікстан Республикасына 2000 жылғы 13 маусымдағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдар (келісім бойынша) және мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды жүзеге асыру жөнінде нақты шаралар қабылдасын және тоқсанына кемінде бір рет Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігін хабардар етіп отырсын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі тоқсанына кемінде бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы "28" тамыздағы
N 1315 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Тәжікстан Республикасына 2000 жылғы 13 маусымдағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар Жоспары

---

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| 1. Мынадай құжаттардың күшіне енуі жөніндегі қажетті мемлекетішілік рәсімдерді өткізу: | | | |
| Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Есірткі құралдарының, психотроптық зат. тардың және прекурсорлардың заң. сыз айналымына қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық туралы келісім | 2000 жыл. дың IY тоқсаны | Қазақстан Республикасы. ның Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі агенттігі | |
| Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Ғылым, техника және технология саласындағы ынтымақтастық туралы келісім | -//- | Қазақстан Республикасы. ның Білім және ғылым министрлігі | |
| Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау және аттестациялау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім | 2000 жылдың IY тоқ. саны | Қазақстан Республикасы. ның Білім және ғылым министрлігі | |
| Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісім | -//- | Қазақстан Республикасы. ның Білім және ғылым министрлігі | |
| Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі жанындағы Кеден комитетінің арасын. | -//- | Қазақстан Республикасы. ның Мемлекеттік кіріс министрлігі | |

| | | |
|---|---|---|
| дағы Контрабандаға және кеден<br>ережелерін бұзушылықтарға, сондай-ақ<br>қару-жарақтың, оқ-дәрілердің, жарыл.<br>ғыш заттардың, есірткі құралдарының,<br>психотроптық заттар мен прекурсорлар.<br>дың заңсыз айналымына қарсы күрестегі<br>ынтымақтастық туралы келісім | | |
| Қазақстан Республикасының<br>Мемлекеттік кіріс министрлігі мен<br>Тәжікстан Республикасының Үкіметі<br>жанындағы Кеден комитетінің арасындағы<br>Шекаралар арқылы заңсыз өткізілетін<br>мәдени құндылықтарды ұстау және<br>қайтару мәселелері жөніндегі<br>ынтымақтастық пен өзара көмек туралы<br>келісім | -//- | Қазақстан Республикасы.<br>ның Мемлекеттік кіріс<br>министрлігі |
| Қазақстан Республикасының<br>Мемлекеттік кіріс министрлігі мен<br>Тәжікстан Республикасының Үкіметі<br>жанындағы Кеден комитетінің<br>арасындағы ынтымақтастық және<br>кедендік құжаттар мен кедендік<br>қамтамасыз етулерді өзара тану<br>туралы келісім | -//- | Қазақстан Республикасы.<br>ның Мемлекеттік кіріс<br>министрлігі |

2. Мынадай құжаттарды қол қоюға әзірлеу:

| | | |
|---|---|---|
| Қазақстан Республикасы мен<br>Тәжікстан Республикасы арасындағы<br>азаматтық істер жөніндегі құқықтық<br>көмек туралы шарт | 2000<br>жылдың<br>аяғына<br>дейін | Қазақстан Республикасы.<br>ның Әділет министрлігі |
| Қазақстан Республикасының Үкіметі<br>мен Тәжікстан Республикасының<br>Үкіметі арасындағы Қазақстан<br>Республикасы Үкіметінің Тәжікстан<br>Республикасы Үкіметіне берген | -//- | Қазақстан Республикасы.<br>ның Қаржы министрлігі,<br>Қазақстан Республикасы.<br>ның Ұлттық Банкі<br>(келісім бойынша) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | мемлекеттік несиесі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі алдындағы Тәжікстан Республикасы Үкіметінің берешегін қайта құрылымдау туралы келісім | | |
| | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы құқықтық ақпарат алмасу туралы келісім | -//- | Қазақстан Республикасы. ның Әділет министрлігі |
| | Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Тәжікстан Республикасының Әділет министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы келісім | -//- | Қазақстан Республикасы. ның Әділет министрлігі |

3. Сауда-экономикалық ынтымақтастық:

Тәжік тарапымен:

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1) | Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан ашық, бірақ өндірілмеген кен орындарында ураны бар кендерді өндіру мен қайта өңдеу жөнінде бірлескен кәсіпорындар ұйымдастыру | 2000 жылдың аяғына дейін | Қазақстан Республикасы. ның Энергетика, индус. трия және сауда министрлігі, "Қазатомпром" ұлттық атом компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) |
| 2) | 2000/2001 ауылшаруашылығы жылының егінінен қазақстандық бидайды Тәжікстан Республикасына беру | -//- | Қазақстан Республикасы. ның Ауыл шаруашылығы министрлігі, "Азық-түлік келісім-шарттық корпорациясы" ашық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) |
| 3) | Сұйытылған газды Қазақстан | -//- | Қазақстан Республикасы. |

| | | |
|---|---|---|
| Республикасынан Тәжікстан Республикасына беру мәселелері пысықталсын | | ның Энергетика, индус. трия және сауда министр. лігі, "Алаутрансгаз" ашық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) |

4. Аймақтық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық

| | | |
|---|---|---|
| Іс-шаралардың оның ішінде есірткілер мен прекурсорларды контрабандалық әкелу арналарының жолын кесуге қорғаныс кәсіпорындарында режимдік талаптарды күшейтуге, қаруды ұрлағаны, заңсыз иемденгені, заңсыз өткізгені және сақтағаны үшін жауапкершілікті қатайтуға бағытталған бірлескен іс-қимылдардың нақты жоспарын әзірлеу және қабылдау | | Қазақстан Республикасы. ның Ішкі істер министр. лігі, Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті, Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Сыртқы істер министр. лігі, Қорғаныс министр. лігі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі агенттігі |
| Аймақтық қауіпсіздік мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасының мемлекеттік органдары өкілдерінің қатысуымен Қазақстан Республикасы. ның Сыртқы істер министрлігі мен Тәжікстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арасында консультациялар өткізу | 2000 жылдың IY тоқ. саны | Қазақстан Республикасы. ның Сыртқы істер министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қорғаныс министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті |

5. Білім беру саласында

| | | |
|---|---|---|
| Қазақстан Республикасының мынадай жоғары оқу орындарына Тәжікстан Республикасының азаматтарын оқытуға арналған квоталарды беру мүмкіндігі туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізу: | | |
| 1) Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің Әскери академиясы | 2000 жылдың III тоқ. саны | Қазақстан Республикасы. ның Қорғаныс министрлігі |
| 2) Қазақстан Республикасы Салық полициясының академиясы | -//- | Қазақстан Республикасы. ның Мемлекеттік кіріс министрлігі |
| 3) Ұлттық қауіпсіздік комитетінің академиясы | -//- | Қазақстан Республикасы. ның Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) |

6. Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы қарым-қатынастарды одан әрі дамыту туралы декларацияны іске асыру

| | | |
|---|---|---|
| 1) Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мәселелері жөнінде тұрақты түрде тәжірибе алмасу жолға қою, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласында бірлескен іс-шараларды өткізу жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізу | 2000 жылдың III тоқ. саны | Қазақстан Республикасы. сының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі |
| 2) Сырдария және Әмудария өзендері алабының су-энергетикалық ресурс. тарын пайдалану мәселелері жөнінде бірыңғай келісілген көзқарас | -//- | Қазақстан Республикасы. сының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, |

| | | |
|---|---|---|
| әзірлеу мақсатында тәжік тарапымен келіссөздер процесін жандандыру | | Ауыл шаруашылығы министр. лігі, Энергетика, индус. трия және сауда министр. лігі, Сыртқы істер министрлігі |
| 3) Ғылыми-техникалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтас. тықты, сондай-ақ денсаулық сақтау саласын одан әрі дамыту мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізу | -//- | Қазақстан Республикасы. ның Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі |
| 4) Көлік және коммуникациялар, тауарлардың транзиті мен қызмет көрсету саласында ынтымақтастықты дамыту жөнінде Қазақстан Республика. сының Үкіметіне ұсыныстар енгізу | -//- | Қазақстан Республикасы. ның Көлік және коммуни. кациялар министрлігі |
| 7. Қазақстан-тәжікстан экономикалық ынтымақтастық жөніндегі комиссия. сының екінші мәжілісін Душанбе қаласында өткізу | 2000 жылдың IY тоқ. саны | Қазақстан Республикасы. ның Сыртқы істер министр. лігі |

Мамандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК